



КЕЛІСІДІ


«Желілік технологиялар және дизайн»
құзыреттілігі орталығының меңгерушісі

 Е.Б.Ахасов
«30» 03 2026ж

БЕКІТЕМІН


Директордың оқу-ісі
жөніндегі орынбасары

 М.Баяхметов
«30» 03 2026ж



Графикалық дизайн
құзыреттілігі бойынша демонстрациялық
емтихан тапсырмалары

Құрастырушы: «Графикалық
дизайн» құзыреттілігі бойынша бас
сарапшы, Бауыржанова А.Б.



ЖОБАЛЫҚ ТАПСЫРМА: «ZHETYSU DAMI» БРЕНДИНГІ

Жент — құнарлылығымен, ерекше дәмімен және балғындығын ұзақ сақтау қасиетімен бағаланатын қазақтың ұлттық тағамы. Ерте заманнан бері халқымыз бұл дәмді «дәмнің төресі» деп есептеп, ең сыйлы қонақтарына сақтаған немесе үлкен той-томалақтарда дастарханның сәні ретінде ұсынған.

Тағамның негізгі ерекшеліктері:

- **Дайындалу негізі:** Женттің басты ингредиенті — қуырылған сөк. Сондай-ақ, оған сары май, қант, мейіз, кейде ірімшік немесе бал қосылады.
- **Құрамы:** Барлық компоненттер табиғи және дәрумендерге бай.

«ZHETYSU DAMI» — көшпенділердің ежелгі технологиясы бойынша дайындалған авторлық қолөнер (крафт) жент бренді. Атауы өңірдің берекесін, тазалығын және ұрпақтар сабақтастығын айшықтайтын «Жетісу дәмі» деген мағынаны білдіреді.

Әрбір «ZHETYSU DAMI» өнімі дәстүрлі дайындаудың толық циклінен өтеді: сөкті іріктеу, қазанға қуыру, келіде түйю және диірменге тарту (талқан жасау). Бұл процесс женттің қайталанбас хош иісін, алтын түсін және ерекше құрылымын сақтауға мүмкіндік береді.

Бренд эстетикасы Neo-Nomad стиліне негізделген: табиғи сызықтар, алтын түстес тарының жылы реңктері және этно-минимализм.

«ZHETYSU DAMI — бұл жай ғана тәтті емес, бұл дала тынысы мен шебердің аялы алақанының жылуы».

Жобаның сипаттамасы мен міндеттері

Қатысушылар «ZHETYSU DAMI» брендінің біртұтас визуалды имиджін қалыптастыратын айдентика әзірлеуі қажет. Жоба аясында келесі элементтер жасалады:

- **Логотип:** Бренд философиясын (табиғилық, қолөнер, тарының құндылығы) бейнелейтін белгі.
- **Жарнамалық постер:** Өнімнің имиджі мен эмоционалды реңкін беретін А3 форматындағы дизайн.
- **Авторлық қаптама:** Жентке арналған бірегей конструкциялы қорап (жазбасы А3/А4 форматына сыйымды болуы тиіс).
- Информациялық-интерактивті ашықхатының дизайны

Мақсатты аудитория

«ZHETYSU DAMI» тұтынушылары — эстетиканы, қолөнерді, сапалы табиғи өнімдерді және мәдени құндылықтарды бағалайтын жандар.

1. **Ұлттық өнімді қадірлейтіндер:** Конвейерлік тауарды емес, адам қолының жылуы сіңген шынайы өнімді іздейтін гурмандар.
2. **Эко-өнім тұтынушылары:** Қоспасыз, таза, табиғи құрамды таңдайтындар.
3. **Шетелдік қонақтар мен туристер:** Қазақстаннан естелік сыйлық ретінде заманауи әрі сапалы этно-өнім алып кеткісі келетіндер.
4. **Дизайнерлер мен креативті қауымдастық:** Сыйлықтың сыртқы түрі мен безендірілуіне мән беретіндер.

Тұжырымдамалық негіздер

Дизайн элементтерінде (түс, типографика, формалар) келесі тақырыптар көрініс табуы керек:

- **Табиғилық:** Алтын тарының түсі, ерітілген сары майдың жұмсақтығы, Жетісу тауларының сұлбасы.

- **Дәстүрлі әдіс:** Келі мен келсап, диірменнің стильдендірілген бейнелері арқылы қол еңбегін көрсету.
- **Алтын дән:** Өмір мен бақ-берекенің символы ретіндегі тары.
- **Этно-минимализм:** Ою-өрнектерді артық жүктемесіз, заманауи геометриялық формада қолдану.

Брендтің бірегейлігі

«ZHETYSU DAMI » қарапайым дүкен женттерінен ерекшеленеді: ол айғайлаған ашық емес, керісінше талғампаз және мағынасы терең. Оның құндылығы — нәзіктігінде, қуырылған тарының иісінде және Жетісу даласының рухында.

**ҚАТЫСУШЫҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ
ҚҰЖАТТАРДЫ БАСҚАРУ
КОМПЬЮТЕРДЕГІ ЦИФРЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР**

Жұмыс үстелінде **YY_MOD1_DAY_1** (мұндағы **YY** — жұмыс орныңыздың нөмірі) деп аталатын папка жасаңыз. Бұл папканың ішінде **Task1**, **Task2** және **Task3** деген ішкі папкалар болуы тиіс. Олар, өз кезегінде, мынадай папкалардан тұруы керек:

- **Native:** жобаны жасау үшін пайдаланылған бастапқы (жұмыс) файлдар (бағдарламалық қаріптер, сілтемеленген суреттер, жинақталған есеп);
- **Final:** тапсырмаға сәйкес ұсынылуы тиіс соңғы (финалдық) файлдар;
- **Print:** тапсырмаға сәйкес басып шығарылуы тиіс файлдар.

Жоғарыда көрсетілген құрылымнан тыс сақталған файлдар **БАҒАЛАНБАЙДЫ**. Басып шығарылған және жиналған жұмыстарға жұмыс орныңыздың нөмірін белгілеуді ұмытпаңыз!

1-ТАПСЫРМА: «ZHETYSU DAMI» ҰЛТТЫҚ ӨНІМ (ЖЕНТ) БРЕНДІ ҮШІН ТИПОГРАФИКАЛЫҚ ЛОГОТИП ӘЗІРЛЕУ

Тауар белгісінде келесі сөздер болуы тиіс: **«ZHETYSU DAMI»** және **«Ұлттық дәмнің мұрасы»**.
Appendix_1_Wordmark-Text.

Дизайныңызда келесі иерархияны қолданыңыз:

1. **ZHETYSU DAMI**
2. **Ұлттық дәмнің мұрасы**

Өнім: Техникалық сипаттамалар

- **Тек векторлық формат.**
- **1 x SPOT-Colour:** RGB (40, 0, 30) – градиентсіз, 100% түс.
- **ICC Colour Profile:** Adobe RGB >> PDF.
- **Артборд (жұмыс аймағы) өлшемі:** 190 x 180 мм (альбомдық бағыт).
- **Логотип өлшемдері:** Ең ұзын жағы бойынша (ені немесе биіктігі) 150 мм.

Ұсынылуы тиіс файлдар

Цифрлық форматта:

- 1 x бастапқы құжат: тек логотиптің векторы бар **.INDD** немесе **.AI** форматы.
- 1 x соңғы **PDF/X-3:2003:** 2 мм жылжытуы (offset) бар қию белгілері (crop marks).

Файл атауы: YY_typographic_logo (.ai немесе .indd / және / .pdf)

Баспа түрі: Тұсаукесердегі (презентация) баспадан бөлек қосымша басып шығару талап етілмейді.

Презентация

Типографикалық логотип дизайнын А4 форматында, логотиптің екі өлшемін көрсетіп басып шығарыңыз:

1. Бірінші өлшем — ең ұзын жағы бойынша **15 см**.
2. Екінші өлшем — ең ұзын жағы бойынша тура **5 см**.

Дизайнды басып шығарылған бетте жұмыс орнының нөмірімен бірге монтаждық тақтада ұсыныңыз.

2-ТАПСЫРМА: ЛОГОТИППЕН БІРІКТІРУ ҮШІН ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ

1-тапсырмадағы типографикалық логотипіңіз тиісті иллюстрациялармен толықтырылуы керек. Дайын аралас (комбинированный) логотип келесі критерийлерге сай болуы тиіс:

«Логотип макетіне қосылуы міндетті үш элемент»:

1. **Тары гүлшоғы:** құнарлылықтың және негізгі ингредиенттің символы ретінде.
 2. **Келі мен келсап немесе Диірмен:** қол еңбегі мен дәстүрге адалдықтың нышаны ретінде.
 3. **Жетісу тауларының стильдендірілген сызықтары:** брендтің географиялық ерекшелігін айқындау үшін.
- Бұл иллюстрациялар векторлық форматта болуы тиіс.
 - **1-тапсырмадағы** типографикалық логотипті қосыңыз.
 - **1-тапсырмадағы** логотиптің түсін өзгертуге рұқсат етіледі.
 - **1-тапсырмадағы** логотиптің жекелеген элементтерінің құрамын өзгертуге рұқсат етіледі, бірақ оның біртұтастығы мен үйлесімділігін сақтау маңызды.
 - Барлық элементтерді (үш иллюстрация мен типографикалық логотипті) бір бүтінге біріктіріңіз.
 - Логотиптің 3 нұсқасын ұсыныңыз: **түрлі-түсті, плашкалы (спот түсті) және ақ-қара.**

Өнім: Техникалық сипаттамалар

- Треппинг: қажет болған жағдайда 0.40 pt.
- Тек вектор.
- Артборд өлшемі: 1-тапсырмадағыдай.
- Тек CMYK түстері.
- ICC Colour Profile: PSUncoated_v3_FOGRA39.
- Қию белгілері (Crop marks): 2 мм.
- Файлды жинақтау (Package file).

Ұсынылуы тиіс файлдар

Цифрлық форматта:

- 1 × PDF/X-4:2010 — ICC профилі қосылған, баспа белгілерінсіз (соңғы нұсқа).
- 1 × бастапқы файл: **.INDD** немесе **.AI** форматы.
- **Файл атауы:** YY_illustrativ_logo (.ai немесе .indd / және / .pdf).

Баспа түрі:

- 1 × A4 форматы: түрлі-түсті логотип A4 парағына сыюы керек, қию белгілері мен түсті шкалалары болуы тиіс. Логотип өлшемі: ең ұзын жағы бойынша **150 мм**.
- 1 × A4 форматы: дайын үш (3) логотипті (түрлі-түсті, плашкалы, ақ-қара) бір бетке орналастырыңыз. Бұл басылымда түрлі-түсті логотип басты рөлде болуы керек, ал ақ-қара нұсқалары қосалқы мәнге ие. Өлшемдері: ең ұзын жағы бойынша **50 мм**.

3-ТАПСЫРМА: ЖАРНАМАЛЫҚ ПОСТЕРЛЕР ДИЗАЙНЫ

Мақсаты: «ZHETYSU DAMI » брендінің бірегейлігін көрсететін және өнімге деген қызығушылықты оятатын эстетикалық тартымды әрі есте қаларлық постерлер сериясын жасау.

Брендтің негізгі құндылықтары:

- **Дәстүр мен Мұра:** Жент — көшпенділердің ежелгі қуат көзі, ұрпақтар сабақтастығының символы.
- **Крафт сапасы:** Қолмен жасалған, табиғи және экологиялық таза өнім.
- **Жетісу рухы:** Табиғатпен, таулармен және өңірдің берекесімен байланыс.

Техникалық сипаттамалар:

Мәтін мен суреттер:

- 1-тапсырмадағы логотип (түсін өзгертуге болады).
- *Appendix_Poster-text* файлындағы мәтін.
- *Appendix_Poster_img* папкасынан кем дегенде бір суретті қолдану қажет.
- Авторлық векторлық графика.

Өлшемі:

- Әрбір постер **A3** форматында әзірленуі тиіс.

Түстер:

- Барлық дизайн файлдары **CMYK** түс моделінде жасалуы және сақталуы тиіс.
- Профиль: **PSUncoated v3 FOGRA39**.

Қиюға арналған өрістер (Bleeds):

- **5.0 мм** (дәлме-дәл).

Файл форматтары:

- 3 x **AI** файлы.
- 3 x **PDF** файлы: PDF/X-4:2008 — барлық мәтіндер қисық сызықтарға (curves) айналдырылуы тиіс.

Әр дизайн үшін барлық қолданылған қаріптерді қамтитын **Adobe Illustrator жинағын (Package)** қосуыңыз керек. Жұмыс файлдарын **Working files** деп аталатын бөлек папкаға салуға болады.

Файлдарды атау (Мұндағы ҮҮ — жұмыс орнының нөмірі):

- *ҮҮ_Poster1_CMYK.ai*, *ҮҮ_Poster1_CMYK.pdf*
- *ҮҮ_Poster2_CMYK.ai*, *ҮҮ_Poster2_CMYK.pdf*
- *ҮҮ_Poster3_CMYK.ai*, *ҮҮ_Poster3_CMYK.pdf*

Баспа түрі:

Әр постер үшін:

- Әр постердің **A4** форматындағы түрлі-түсті басылымы.
- Қию белгілері, түс шкалалары және тіркеу белгілері бар 1 x **PDF** файлы.
- 1 x **AI** файлы.

**ҚАТЫСУШЫҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ
ҚҰЖАТТАРДЫ БАСҚАРУ
КОМПЬЮТЕРДЕГІ ЦИФРЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР**

Жұмыс үстелінде **YY_MOD2_DAY_2** (мұндағы **YY** — жұмыс орныңыздың нөмірі) деп аталатын папка жасаңыз. Бұл папканың ішінде **Task1**, **Task2** және **Task3** деген ішкі папкалар болуы тиіс. Олар, өз кезегінде, мынадай папкалардан тұруы керек:

- **Native:** жобаны жасау үшін пайдаланылған бастапқы (жұмыс) файлдар (бағдарламалық қаріптер, сілтемеленген суреттер, жинақталған есеп);
- **Final:** тапсырмаға сәйкес ұсынылуы тиіс соңғы (финалдық) файлдар;
- **Print:** тапсырмаға сәйкес басып шығарылуы тиіс файлдар.

Жоғарыда көрсетілген құрылымнан тыс сақталған файлдар **БАҒАЛАНБАЙДЫ**. Басып шығарылған және жиналған жұмыстарға жұмыс орныңыздың нөмірін белгілеуді ұмытпаңыз!

1-ТАПСЫРМА: «ZHETYSU DAMI» БРЕНДИНЕ АРНАЛҒАН ҚАПТАМА ӘЗІРЛЕУ

Мақсаты: «ZHETYSU DAMI» премиум женті үшін бірегей конструкция мен қаптама дизайнын әзірлеу. Қаптама өнімнің сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, «Neo-Nomad» тұжырымдамасы мен тауардың қолөнерлік (крафт) шыққан тегін визуалды түрде жеткізуі тиіс.

1. Дизайн тұжырымдамасы

Қаптама өнімнің табиғилығы мен құндылығын көрсетуі керек. Дизайнда мыналарды ескеру қажет:

- **Тактильдік сезім:** Материалдардың (ағаш, крафт-қағаз, зығыр) текстурасын визуалды түрде беру.
- **Ашу процесі:** Қаптаманы ашу «рәсімге» айналуы тиіс (мысалы, жылжымалы механизм немесе ерекше құлпы бар қорап).
- **Визуалды иерархия:** Логотиптің, атаудың және Жетісу рухын айшықтайтын графикалық элементтердің теңгерімді орналасуы.
- Қаптама тесіктерсіз немесе ашық жерлерсіз жасалуы тиіс.

Дизайнға келесі элементтер енгізілуі керек:

- 2-тапсырмадағы **ZHETYSU DAMI** брендінің логотипі.
- Берілген мәтін: >> Appendix_7_Task2-Text.docx.
- Суреттер: қаптама дизайнында берілген суреттердің кем дегенде екеуін қолданыңыз (>> Appendix_6_Pack Images). Суреттерді дизайныңызға сәйкес өңдеуге болады.

Техникалық талаптар:

- Тапсырыс беруші қаптаманың фоны **ақ болмауы тиіс** деп көрсетті.
- Штамп сызығының (пышақ ізі) максималды өлшемдері: **297 мм × 420 мм**.
- Қосымша вкладка (ішпек) үшін штамп сызығының максималды өлшемдері: **210 мм × 297 мм**.
- Штамп сызығына шығару (bleed): **3 мм**.
- Түстер: **СМҮК + штамп сызықтарының түрлері үшін үш түрлі плашкалық түс (spot colors)**.
- Штамп сызығының әр түрі үшін бөлек қабат (layer) және әрқайсысы үшін бөлек түстер: қабаттар мен түс үлгілерін (swatches) тиісінше **«Линии разреза»** (кесу сызықтары), **«Линии сгиба»** (бүктеу сызықтары), **«Точки клея»** (желімдеу нүктелері) деп атаңыз.
- Қаптама үшін бірнеше желімдеу нүктесі бар тек үш аймаққа рұқсат етіледі (ішпекте қосымша 3 желімдеу аймағы болуы мүмкін).

- Штамп сызықтарының қалыңдығы: тура **0,5 pt**.
- Баспа тек бір бетте.
- Барлық логотиптер мен иконкалар тек векторлық форматта.
- **FSC** және **Recycle** белгілері толық түсті болуы керек. Градиент пен мөлдірлікке (transparency) рұқсат етілмейді.
- Сұр және түрлі-түсті суреттердің рұқсаты (resolution): **144 ppi**.

Ұсынылуы тиіс файлдар:

Цифрлық форматта:

- InDesign немесе Illustrator бастапқы құжаты.
- Бір соңғы **PDF/X-4:2008** файлы: кесу сызығын, түс шкалаларын және тіркеу белгілерін қоса алғанда.
- Ішпектің (вкладыш) бір соңғы **PDF/X-4:2008** файлы.
- Барлық қолданылған қаріптер мен сілтемелерді (links) қамтитын жинақталған папка (Package).

Файл атаулары:

- YY_packing (.ai немесе .indd және .pdf)

Баспа түрі:

- А3 форматына дейін кішірейтілген, штамп сызығы (выпуск) мен қаптама сыртында қатысушы нөмірі көрсетілген бір түрлі-түсті басылым.
- Нақты өлшемде (100%) жиналған және желімделген түрлі-түсті макет (кесу сызықтарынсыз).

2-ТАПСЫРМА: ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ-ИНТЕРАКТИВТІ АШЫҚХАТЫНЫҢ ДИЗАЙНЫ

Мақсаты: Тұтынушымен эмоционалды байланыс орнату, өнімнің авторлық құндылығын ашу және заманауи интерактивті элементтер арқылы брендке деген қызығушылықты арттыру.

1. Техникалық сипаттамалар:

- **Формат:** Екі жақты ашықхат (өлшемі қаптаманың ішкі өлшемдеріне сәйкес болуы керек, **90x130 мм**).
- **Түс моделі:** CMYK (баспа үшін).
- **Түс профилі:** PSUncoated_v3_FOGRA39.
- **Рұқсат (resolution):** 180 ppi-ден кем емес.

2. Ашықхат мазмұнына қойылатын талаптар:

А жағы (Визуалды):

- «ZHETYSU DAMI » логотипін орналастыру (1-модуль, 2-тапсырмада әзірленген).
- Авторлық векторлық графиканы қолдану (тары гүлшоғы, Жетісу таулары немесе этно-паттерндер).
- Эмоционалды реңк: жылы, табиғи, шынайы. Ашықхаттың түстер гаммасы мен стилистикасы негізгі қаптама дизайнымен толық үйлесуі керек.

Б жағы (Ақпараттық-интерактивті):

- **Негізгі мәтін:**
«Құрметті дәм иесі! Сіздің қолыңыздағы — жай ғана тәтті емес, бұл Жетісудың дәстүрлі рецептімен дайындалған авторлық жент. Біз еліміздің ең таңдаулы алтын тарысын іріктеп алып, оны ежелгі тәсілмен қазанда қуырып, келіде түйіп, диірменге тарттық. Әрбір түйіршікте ұлы даланың күні мен қол шеберінің жүрек жылуы бар. Ас болсын!»
- **Интерактивті элемент:** Бейне-нұсқаулыққа сілтемесі бар **QR-код** орналастыру.
- **QR-код өлшемі:** Тура **25 мм** (қара бөлігінің жиегінен жиегіне дейін).

Баспа түрі:

- А4 форматындағы 100% масштабтағы бір екі жақты түрлі-түсті басылым.
- Басылымда қию белгілері (crop marks), түс шкалалары және тіркеу белгілері болуы тиіс.
- Қиюға арналған өрістер (bleeds): тұра **2 мм**.
- Қатысушы нөмірі макет аймағынан тыс жерде көрсетілуі керек.

Презентация:

- Нақты өлшемде (100%) кесілген дайын ашықхат макеті.
- Өнімнің соңғы түрін көрсету үшін ашықхат жиналған қаптаманың (қораптың) ішіне салынуы тиіс.

Файл атаулары:

Бастапқы файл: YY_card.ai немесе YY_card.indd

Баспаға арналған файл: YY_card.pdf

ПРОЕКТНОЕ ЗАДАНИЕ: БРЕНДИНГ «ZHETYSU DAMI»

Жент — казахское национальное блюдо, которое ценится за свою питательность, уникальный вкус и свойство долго сохранять свежесть. С давних времен наш народ почитал это лакомство как «венец вкуса», приберегая его для самых почетных гостей или украшая им дастархан на больших торжествах.

Основные особенности блюда: Основа приготовления: Главный ингредиент жента — обжаренное просо (сөк). Также добавляются сливочное масло, сахар, изюм, иногда иримишк (творог) или мед. Все компоненты натуральны и богаты витаминами.

«ZHETYSU DAMI» — это бренд авторского крафтового жента, приготовленного по древним технологиям кочевников. Название означает «Вкус Жетысу», олицетворяя изобилие региона, чистоту и преемственность поколений.

Каждое изделие «ZHETYSU DAMI» проходит полный цикл традиционного приготовления: отбор проса, обжарка в казане, измельчение в ступе (келі) и помол на мельнице (изготовление талкана). Этот процесс позволяет сохранить неповторимый аромат, золотистый цвет и особенную текстуру жента.

Эстетика бренда основана на стиле **Neo-Nomad**: природные линии, теплые цвета золотистого проса и этно-минимализм. «ZHETYSU DAMI — это не просто сладость, это дыхание степи и тепло заботливых рук мастера».

Описание проекта и задачи

Участникам необходимо разработать айдентику, формирующую целостный визуальный имидж бренда «ZHETYSU DAMI».

В рамках проекта участники создают следующие элементы:

- **Логотип:** Знак, отражающий философию бренда (натуральность, ремесло, ценность проса).
- **Рекламный постер:** Дизайн в формате А3, передающий имидж и эмоциональный тон продукта.
- **Авторская упаковка:** Коробка уникальной конструкции для жента, развертка которой вписывается в формат А3
- **Дизайн информационно-интерактивной открытки**

Целевая аудитория

Потребители «ZHETYSU DAMI» — люди, ценящие эстетику, ручную работу, качественные натуральные продукты и культурные ценности.

- **Ценители национальных продуктов:** Гурманы, которые ищут не конвейерный товар, а подлинный продукт, вобравший в себя тепло человеческих рук.
- **Потребители эко-продуктов:** Те, кто выбирает чистый, натуральный состав без добавок.
- **Иностранцы гости и туристы:** Желаящие увезти из Казахстана современный и качественный этно-продукт в качестве памятного подарка.
- **Дизайнеры и креативное сообщество:** Те, для кого важен внешний вид и оформление подарка.

Концептуальные основы

В элементах дизайна (цвет, типографика, формы) должны найти отражение следующие темы:

Ключевые концепции:

- **Натуральность:** Цвет золотистого проса, мягкость топленого масла, силуэт гор Жетысу.
- **Традиционный метод:** Демонстрация ручного труда через стилизованные образы ступы с пестиком (келі мен келсап) и мельницы.
- **Золотое зерно:** Просо как символ жизни и благополучия.

- **Этно-минимализм:** Использование орнаментов в современной геометрической форме без излишней перегруженности.

Уникальность бренда

«ZHETYSU DAMI» отличается от обычного магазинного жента: он не броский, а элегантный и глубокий по смыслу. Его ценность — в хрупкой нежности, аромате обжаренного проса и духе степей Жетысу.

**ИНСТРУКЦИЯ ДЛЯ УЧАСТНИКА
УПРАВЛЕНИЕ ДОКУМЕНТАМИ
ЦИФРОВЫЕ ДАННЫЕ НА ВАШЕМ КОМПЬЮТЕРЕ**

Создайте на рабочем столе папку YY_MOD1_ DAY_1 (где YY — это номер вашего рабочего места). Эта папка должна включать подпапки: Task1, Task2 и Task3. Они, в свою очередь, должны содержать папки:

- Native: папка должна содержать исходные (рабочие) файлы, которые вы использовали для создания проекта (программные шрифты, прилинкованные изображения, упакованный отчет)
- Final: папка должна содержать финальные файлы, которые вы должны предоставить согласно заданию.
- Print: папка должна содержать файлы, которые вы должны распечатать согласно заданию

Файлы, сохраненные вне вышеописанной структуры, ОЦЕНИВАТЬСЯ НЕ БУДУТ.

Не забудьте обозначить распечатанные и собранные работы номером своего рабочего места!

**ЗАДАНИЕ 1: «РАЗРАБОТКА ТИПОГРАФИЧЕСКОГО ЛОГОТИПА ДЛЯ БРЕНДА
НАЦИОНАЛЬНОГО ПРОДУКТА (ЖЕНТ) — ZHETYSU DAMI»**

Товарный знак должен содержать следующие слова: «ZHETYSU DAMI» и «Ұлттық дәмнің мұрасы»

Appendix_1_Wordmark-Text. Используйте эту иерархию в своем дизайне:

- 1) ZHETYSU DAMI
- 2) Ұлттық дәмнің мұрасы

Продукция: Технические характеристики

- Только вектор
- 1 × SPOT-Colour: RGB (40, 0, 30) – без градиента, 100 % цвет
- ICC Colour Profile: Adobe RGB>> PDF
- Размер монтажной области: 190 × 180 мм (альбомная ориентация).
- Размеры логотипа: 150 мм по самому длинному краю. (в ширину или в длину)

Вы должны предоставить

Цифровой:

- 1 × исходный документ: формат .INDD или .AI только вектора вашего логотипа
- 1 × окончательный PDF/X-3:2003 — метки обрезки со смещением 2 мм

Название файла: YY_ typographic_logo /ai или indd / и /pdf/

Печатный:

Никакой дополнительной печати, кроме той, что в презентации.

Презентация

Распечатайте дизайн своего типографского словесного логотипа на формате А4, показав два размера логотипа. Один большой размер - 15 см по самому длинному краю и второй размер ровно 5 см по самому длинному краю (в ширину или в длину).

Представьте дизайн на монтажной доске вместе с номером рабочего места на распечатанной странице.

ЗАДАНИЕ 2. СОЗДАЙТЕ ИЛЛЮСТРАЦИЮ ДЛЯ ОБЪЕДИНЕНИЯ С ЛОГОТИПОМ

Ваш типографский логотип из Задания 1 должен быть дополнен соответствующими иллюстрациями.

Готовый комбинированный логотип должен соответствовать следующим критериям.

«Три обязательных элемента для включения в макет логотипа»:

1. **Соцветие проса:** как символ плодородия и основного ингредиента.
 2. **Ступа и пестик или Мельница:** как символы ручного труда и верности традициям.
 3. **Стилизованные линии гор Жетысу:** подчеркивающие географическую принадлежность бренда. Эти иллюстрации должны быть векторном виде
- Включите типографский логотип из **Задания 1**.
 - Разрешено изменить цвет вашего логотипа из **Задания 1**.
 - Разрешается изменять состав отдельных элементов вашего логотипа из **Задания 1**. Но по-прежнему важно поддерживать согласованность логотипа из **Задания 1**.
 - Объедините все эти элементы (**три иллюстрации и типографский логотип**) в одно целое.
 - Представьте 3 варианта исполнения логотипа: цветной, плашечный и черно-белый.

Продукция: Технические характеристики

- Треппинг: 0.40 pt если требуется
- Только вектор
- Тот же размер монтажной области, что и в задаче 1.
- Только цвета CMYK.
- 3 варианта логотипа.
- ICC Colour Profile: PSOuncoated_v3_FOGRA39
- Метки обрезки 2 мм
- Упаковка файла

Предоставьте:

Цифровые:

- 1 × PDF/X-4:2010 — профиль ICC включен, без печатных меток (окончательный)
 - 1 × исходный файл: формат .INDD или .AI
- Название файла: YY_illustrativ_logo /ai или indd / и /pdf/

Печатные:

- 1 × формат А4: ваш цветной логотип должен уместиться на А4 , с метками обрезки и цветными полосами.. Размеры логотипа: 150 мм по самому длинному краю. (в ширину или в длину)
- 1 × формат А4: поместите готовый три (3) логотип на лист формата А4 (цветной, плашечный, черно-белый). На этом принте цветной логотип должен играть главную роль. Черно-белые логотипы имеют второстепенное значение. **Размеры: 50 мм по самому длинному краю. (в ширину или в длину)**

Презентация:

Теперь пришло время представить ваше предложение клиенту. Для этого следует отображать только логотип. Для этого распечатайте

ЗАДАНИЕ 3: ДИЗАЙН РЕКЛАМНЫХ ПОСТЕРОВ

Цель: Создать серию эстетически привлекательных и запоминающихся постеров, которые будут отражать уникальность бренда «ZHETYSU DAMI» и стимулировать интерес к продукту.

Прежде чем приступить к созданию, важно понять, что представляет собой бренд «ZHETYSU DAMI» для потребителя:

• **Традиция и Наследие:** Жент — древний источник энергии кочевников, символ преемственности поколений.

• **Крафтовое качество:** Продукт, созданный вручную, натуральный и экологически чистый.

• **Дух Жетысу:** Связь с природой, горами и плодородием региона.

Технические характеристики:

Текст и изображения:

- Логотип из первого задания (можно изменять цвет)
- Текст из файла [Appendix_Poster-text](#) – Текст для постеров
- Нужно использовать как минимум одно изображение из папки Appendix_Poster_img
- Авторская векторная графика

Размер

- Каждый постер должен быть разработан в формате А3

Цвета

- Все дизайн-файлы должны быть созданы и сохранены в цветовой модели CMYK.
- PSUncoated v3 FOGRA39

Припуски под обрезку

- 5.0 mm (точно)

Форматы файлов

Постеры

- 3 x AI
- 3 x PDF File: PDF/X-4:2008 — весь текст должен быть преобразован в кривые

Вы должны включить упаковку (packaged) Adobe Illustrator для отправки для каждого дизайна, который включает в себя все используемые шрифты.

Вы можете включить любые рабочие файлы в отдельную папку с именем: Working files

Именованние

Примечание: YY представляет номер вашего рабочего места

Название файла:

YY_Poster1_CMYK.ai

YY_Poster2_CMYK.ai

YY_Poster3_CMYK.ai

YY_Poster1_CMYK.pdf

YY_Poster2_CMYK.pdf

YY_Poster3_CMYK.pdf

Печатные:

Распечатка для КАЖДОГО постера

- цветная печать каждого постера в форматах А4.

Файлы для КАЖДОЙ постера

- 1 x PDF файл с метками обрезки, цветными шкалами и регистрационными метками
- 1 x AI файл

ИНСТРУКЦИЯ ДЛЯ УЧАСТНИКА УПРАВЛЕНИЕ ДОКУМЕНТАМИ ЦИФРОВЫЕ ДАННЫЕ НА ВАШЕМ КОМПЬЮТЕРЕ

Создайте на рабочем столе папку YY_MOD2_DAY_2 (де YY — это номер вашего рабочего места). Эта папка должна включать подпапки: Task1, Task2 и Task3. Они, в свою очередь, должны содержать папки:

-
- **Native:** папка должна содержать исходные (рабочие) файлы, которые вы использовали для создания проекта (программные шрифты, прилинкованные изображения, упакованный отчет)
 - **Final:** папка должна содержать финальные файлы, которые вы должны предоставить согласно заданию.
-

- **Print:** папка должна содержать файлы, которые вы должны распечатать согласно заданию. Файлы, сохраненные вне вышеописанной структуры, ОЦЕНИВАТЬСЯ НЕ БУДУТ.

Не забудьте обозначить распечатанные и собранные работы номером своего рабочего места!

ЗАДАНИЕ 1: РАЗРАБОТКА УПАКОВКИ ДЛЯ БРЕНДА «ZHETYSU DAMI»

Цель: Разработать уникальную конструкцию и дизайн упаковки для премиального жента «ZHETYSU DAMI». Упаковка должна не только обеспечивать сохранность продукта, но и визуально передавать концепцию «Neo-Nomad» и крафтовое происхождение товара.

1. Концепция дизайна

Упаковка должна транслировать натуральность и ценность продукта. В дизайне необходимо учесть:

- **Тактильность:** Визуальная передача текстуры материалов (дерево, крафт-бумага, лен).
- **Процесс открытия:** Открытие упаковки должно стать «ритуалом» (например, выдвигной механизм или коробка с необычным замком).
- **Визуальная иерархия:** Сбалансированное расположение логотипа, названия и графических элементов, подчеркивающих дух Жетысу.
 - Упаковка должна быть разработана без отверстий или каких-либо открытых участков.
 - Следующие элементы должны быть включены в дизайн упаковки
 - Логотип бренда **ZHETYSU DAMI** из Задания 2
 - Предоставленный ТЕКСТ: >> Appendix_7_Task2-Text.docx
 - Изображения: используйте как минимум два предоставленных изображения в дизайне упаковки (>> Appendix_6_Pack Images). Вы можете редактировать и настраивать изображения в соответствии с вашим дизайном.

Клиент указал, что фон вашей упаковки не должен быть белым.

- Максимальные размеры линии штамповки: 297 мм × 420 мм
- Максимальные размеры линии штампа для дополнительной вкладки (**вкладыш**): 210 мм × 297 мм.
 - Выпуск для линии штампа: 3 мм
 - Цвета: СМУК + три различных плашечных цвета для типов линий штампа.
 - Отдельный слой для каждого типа линий штампа и отдельные цвета для каждого из них: соответственно называть слои и образцы цветов «Линии разреза», «Линии сгиба», «Точки клея»

- Для упаковки разрешены только три области с несколькими точками клея (вкладыш может иметь 3 дополнительных области клея)
- Линии штампа ровно 0,5 pt
- Печать только на одной стороне
- Все логотипы и иконки только в векторном формате
- Оба логотипа ICON (FSC, Recycle) должны быть полностью цветными. Градиент и прозрачность не разрешены.
- Разрешение изображения в оттенках серого и в цвете: 144 ppi

Предоставьте:

Цифровые:

- Исходный документ InDesign или Illustrator
- Один окончательный файл PDF/X-4:2008: включая линию реза, цветные полосы и регистрационные метки.
- Один окончательный файл PDF/X-4:2008 вкладыша
- Предоставьте упакованную папку Adobe InDesign или Illustrator для отправки, которая включает все используемые шрифты и ссылки.

Название файла: YY_ packing /ai или indd / и /pdf (для печати/

Печатные:

- Одна цветная распечатка, уменьшенная до формата А3 с обрезом, включая линию штампа (выпуск) и номер участника за пределами области обложки.

Презентация:

- Цветной макет (без линии реза), сложенный и собранный в натуральную величину (100%).

ЗАДАНИЕ 2: ДИЗАЙН ИНФОРМАЦИОННО-ИНТЕРАКТИВНОЙ ОТКРЫТКИ

Цель: Установить эмоциональную связь с потребителем, раскрыть авторскую ценность продукта и повысить интерес к бренду через современные интерактивные элементы.

1. Технические характеристики:

- **Формат:** Двусторонняя открытка (размер должен соответствовать внутренним габаритам упаковки, 90x130 мм).
- **Цветовая модель:** CMYK (для печати).
- **Цветовой профиль:** PSUncoated_v3_FOGRA39.
- **Разрешение:** не менее 180 ppi.

2. Требования к содержанию открытки:

Сторона А (Визуальная):

- Разместить логотип «ZHETYSU DAMI» (разработанный в Модуле 1, Задание 2).
- Использовать авторскую векторную графику (соцветия проса, горы Жетысу или этно-паттерны).
- **Эмоциональный тон:** теплый, природный, искренний. Цветовая гамма и стилистика открытки должны полностью совпадать (гармонировать) с дизайном основной упаковки.

Сторона Б (Информационно-интерактивная):

- **Основной текст:**

Құрметті дәм иесі!

Сіздің қолыңыздағы — жай ғана тәтті емес, бұл Жетісудың дәстүрлі рецептімен дайындалған авторлық жент.

Біз еліміздің ең таңдаулы алтын тарысын іріктеп алып, оны ежелгі тәсілмен қазанда қуырып, келіде түйіп, диірменге тарттық. Әрбір түйіршікте ұлы даланың күні мен қол шеберінің жүрек жылуы бар.

Ас болсын!»

- **Интерактивный элемент:** Разместить QR-код со ссылкой на видео-инструкцию.
- **Размер QR-кода:** ровно 25 мм (от края до края черной части)

Печатные:

- **Одна двусторонняя цветная распечатка** в масштабе 100% на формате А4.
- Распечатка должна включать **метки обреза (crop marks)**, цветовые шкалы и регистрационные метки.
- Вылеты под обрез (**bleeds**) должны составлять ровно 2 мм.
- Номер участника должен быть указан за пределами области макета.

Презентация:

- **Готовый макет открытки**, вырезанный по размеру в натуральную величину (100%).
- Открытка должна быть **помещена внутрь собранной упаковки** (коробки) для демонстрации финального вида продукта.

Название файла:

Исходный рабочий файл: YY_card.ai или YY_card.indd

Файл для печати: YY_card.pdf

